

Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 2026 жылғы 2 шілдедегі № 72-н/қ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 шілдеде № 39230 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 35-бабының 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Атом өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Агенттіктің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Агенттіктің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттік Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы

А. Саткалиев

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі
агенттігінің төрағасы
2026 жылғы 2 шілдедегі
№ 72-н/қ бұйрығымен
бекітілген

Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 35-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі - Тізілім).

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар тізілімін жүргізу тәртібі

3. Тізілімді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште құзыретті орган жүргізеді.

4. Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт (оған толықтыру) туралы мәліметтер құзыретті орган оған қол қойған күннен кейінгі 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей Тізілімге енгізілуге тиіс.

5. Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы мәліметтер ол тоқтатылған күннен кейінгі 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей Тізілімге енгізіледі.

Уран бойынша
жер қойнауын пайдалануға
жасалған келісімшарттардың
тізілімін жүргізу қағидаларына
қосымша
Нысан

Уран бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар тізілімі

№	Ж е р қойнауын пайдаланушы ның атауы	Ж е р қойнауын пайдаланушы ның деректемелері (тұратын жері , мемлекеттік тиесілігін көрсету, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер)	Ж е р қойнауын пайдалануға жасалған келісімшартт ы, оған толықтыруды қарау мәні	Ж е р қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт, толықтыру жасасуға негіз болған хаттаманың №, күні	Ж е р қойнауын пайдалануға жасалған келісімшартт ың, оған толықтыруды ң атауы	Ж е р қойнауын пайдалануға жасалған келісімшартт ың, оған толықтыруды жасасу №, келісілген күні
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы:

--	--	--	--	--	--	--

Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар түрі	Жер қойнауы учаскесінің шегі	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Жер қойнауын пайдалануға келісімшарттың қолданылуы тоқталғаны туралы мәліметтер
8	9	10	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК